




ТІЛ ТАРИХЫНА КІРІСПЕ

Тіл және ақындар





Ұлттық тілдің қалыптасуына сөз зергерлері, ақындар, жазушылар, шешендер көп үлес қосады. Латын тілінің де өміршең болып, ғасырлар бойы бүкіл Еуропа тілі болған себебі, ол тілдің көркем әдебиеті бар еді. Вергилий т.б. сөз шеберлері болғандықтан, бұл тіл кейін ғылыми, саяси тілге айналып ұзақ өмір сүрді. Латын тіліне жауап берген де, жоғарғы деңгейден төменге түсірген де, оған қарсы шыққан ақындар да болды.

Данте Алигьери (1265–1321) – қайта өрлеу дәуірінде өмір сүрген ұлы итальян ақыны. Италиян әдеби тілін қалыптастырушы, «Құдыретті комедия» шығармасының авторы. Ол осы еңбегімен Италияның аймақтық тілін ұлттық тіліне айналуына себеп болды. Бұл шығармасын басқа елдер қызыға оқыған. Дантенің бастағаны латын тілін ығыстырып, итальяндықтардың ұлттық рухын көтеріп, басқа да Еуропа елдерінің ұлттық санасын көтеруіне септігін тигізді. Шығыстағы елдердің бір-біріне үстемдігі арқасында, экономикалық және мәдени үстемдігін бір ақындардың сол деңгейді бұзатынын анық көре аламыз. Мәселен, Фирдоусидің «Шахнаме» кітабы.

«Шахнаме» (патшалар кітабы) – парсы ақыны Фирдоуси жазған эпикалық поэма, парсы әдебиетінің дүр мұрасы, иран халқының ұлттық эпосы.

Арабтар толықтай Иран мен Тұран даласын, қазіргі Орталық Азияны үстемдік құрған кезде Фирдоусидің шығармасынан кейін, ол шығарманың тартымдылығы, қызық тақырыптары сол кезде парсы, түріктерді қызықтырды. Данте шығармалары да дәл сол деңгейде ұлттық тілдің қалыптасуына, өрістеуіне, бәсекеге түсуіне себеп болды.

Дантеден кейін Францияда үлкен қозғалыс басталды, соның арқасында француздардың ақындары, ағылшындардың ақындары үлкен әдебиет саласының тұлғалары француз бен ағылшын тілдерінің әлемдік деңгейге көтерілуіне негіз болды. Ақындармен қатар латын тілінің бір әлсіреуіне себеп болған латын тілі, діни тіл, яғни католиктердің «інжілі» латын тілі еді. Сол «інжілді» Мартин Лютер неміс тіліне аударды. Содан кейін діни салада латын тілінің әлсіреуі байқалды. Соның арқасында француз тілі ағылшын тілі өзінің әдебиет саласындағы тұлғаларымен әлемдік деңгейге көтеріле бастады. Гректің мәңгі тіл болғаны әдебиетінің Гомердің арқасында болса, Италияның Дантесі бар және ағылшындардың Ульям Шекспиры бар деп айтқандай, ақындардың шеберлігі, адамның терең ойларын әсем сөзбен бейнелеуі, бір тілдің ұлттық деңгейге көтерілуіне негіз болады. Француз әдебиеті XVI ғасырда шарықтау дәуіріне жетеді. Француз әдебиеті Корнель, Расин, Мольермен өз биігіне жете білді.

Луи XIII (1638–1715) Еуропа тарихында ең ұзақ билік құрған монархтардың бірі.

1668 жылы Францияның XIII Луи Мольерге «үздік комедия жаз» деп бұйрық береді. Содан ол ежелгі әдебиеттің үлгісімен «Сараң» туындысын жазып шығады. Бұл туынды француз тілінің одан әрі дамуына үлес қосады. Адам ретінде біз ішкі нәпсіміздің сұраныстарымен күнделікті арпалысудамыз. Адамдар бір-бірінің жетістіктерін көре алмай қызғанады. Бұл қызғаныш кейін басылады, ал ренжу деген ұмытылмайды. Сондықтан адамды ренжітіп алмайын деп, біз сол адамның кемшіліктерін тіке айта алмаймыз. Мольердің жетістігі, осы «Сараң» шығармасында ол адамдардың осындай кемшіліктерін айта білді. Бұл шығарманың кейіпкері Арпогон, оның Жак есімді құлы болады. «Бір күні Жак басшысына келіп, жұрт сіздің сараңдығыңыз туралы былай деп жатыр деп әңгімесін бастайтын көрінеді. Біріншіден, сіз ораза кезіндегі 1 ай уақытты 2 айға созып, қаражат үнемдеу мақсатында қызметкерлеріңізге тамақ бермейді екенсіз. Екіншіден, қызметкерлеріңізге айт кезіндегі сыйлықты бермеу мақсатында сол күні жанжал шығаруды бастайтын көрінесіз. Үшіншіден, көршіңіздің мысығы асүйден ет жеп кеткен көрінеді. Сіз мысықтың иесіне шағым түсіріп, ақша талап ету мақсатында сотқа арыз жазыпсыз. Төртіншіден, қойларыңызды бағып жүрген шопандарыңа жалақыны аз беру мақсатында, қойлардың азығын өзіңіз ұрлап, солардың мойнына артқан көрінесіз. Оны шопандардың өзі көріп қалып үстіңізден түскен екен. Сіз менің басшым болсаңыз да, айтып отырмын, себебі, мен айтпасам, мына қызметкерлердің өмірі бақытсыз өтеді, сіз де осы кемшіліктен арылмайсыз» деген екен.

Әрбір елдің бір аймақтық ерекшеліктері болады. Азия тілдері, Еуропа тілдері деп айтып жатамыз. Азиядағы Таяу Шығыспен Орталық Азия тілдері тағдырлас, бір-біріне ықпал жасап отырса, Еуропа тілдері де солай болған. Себебі, бәрінің бастауы Дантеден басталады. Испания тілінің өріс алған жылдарын қарастырсақ, XVI–XVIII ғасырларға таяды. Әлемдік деңгейде бүкіл әдебиет қауымының білетіні – Мигель де Сервантес.



Мигель де Сервантес (1547–1616) – әлемге әйгілі испан жазушысы. «Дон Кихот» әлемге танымал шығармасы болады. Бұл шығармадағы өзекті тақырып, қоғамдағы әділетсіздік. Шығарманың басты кейіпкері Дон Кихот әлсіз адам. Әлсіздігіне қарамай, әлемдегі әділетсіздікпен күресемін деп жолға шығады. Мұндағы автордың айтайын дегені: адамның күші сыртқы көрінісінде емес, адамның ниетінде. Ниет түзелмейінше, әрекет түзелмейді. Демек жақсылықты ойлауға шақырады. Адамның ақылы, санасы, ниеті жақсылыққа қызмет жасамаса, қоғамға да жақсылық әкеле алмайды.

Шығыстың ұлы ақындары, ғаламгерлері де адамның өзінің ұлттық құндылықтарын, адами құндылықтарын сүюге, жаратушыны сүюге шақырады.

Еуропаның қазірге дейінгі үстемдігі әдебиетінің Дантемен басталып шарықтау шегіне жетуі, бұл шарықтау шегі 1590–1670 жылдар деп есептеледі.

Уильям Шекспир (1564–1616) әлемге әйгілі ағылшынның ұлы драматургы, әрі ақыны. Оның керемет туындысы «Гамлет». Шекспир бұл шығармасында адамзаттың ғажайып мінезін, жамандық пен жақсылық арасындағы тартысты көрсетеді. Ол бір сөйлеммен «Болу немесе болмау, мәселе мынада» дегенді айтқан болатын. Демек адамның шешім қабылдай алмайтын кездері болады. Соны өз шығармасында Гамлеттің жағдайын баяндайды. Гамлеттің алдында үш жағдай туындайды. Бірі, бейкүнә өлген әкесі, оның өлімі үшін жауапты болған адамнан кек алу, екіншісі, әкесін өлтірген адам шешесін жар етіп алғаны, үшіншісі, отбасының абыройы. Осы үш жағдайда қалған Гамлет шешім қабылдай алмай басын қатырады. Бұл өте көлемді, тартысты, адамның психологиясындағы үлкен бір құндылық.

Бұл шығарма әлемдік деңгейде ерекше орын алып, күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келе жатыр. Шекспир ағылшынның ұлттық өрісінің сонша биікке жеткізгені, бүгінде әдебиетіне әлем тәнті болып отыр. Еуропаның да сол биікке жетуіне шығыстың елеулі үлесі болғанын, оның ішінде шығыстың жеті жұлдызын айта кету керек. Олар – Низами, Саади, Хафиз, Маулави, Аттар, Фирдоуси және Жәми. Бұлар түркі, қазақ әдебиетінде өзінің орнын алған өте ірі тұлғалар. Әдебиет деген ұлттық құндылықтармен қатар, ұлттың тілін байытумен қатар, адамдардың бір-біріне жақындасуына үлкен қызмет жасайды. Ақын «адамның тілі, ақын ұлттың тілі» деп тұжырымдайды. Ақынның тілімен өмір сүретін болсақ, терең құндылықтарға қол жеткізе аламыз.